

ЖҰМЫС ІЗДЕУШІЛЕРГЕ АРНАЛҒАН НҰСҚАУЛЫҚ Tanda.enbek.kz порталында бос жұмыс орындарының онлайн-жәрмеңкелеріне қатысу

VI.25.07.2023



Tanda.enbek.kz порталында бос жұмыс орындарының онлайн-жәрмеңкесіне қалай тіркелуге болады

1. Tanda.enbek.kz порталының парақшасындағы жоғарғы оң жақ бұрышында **«Кіру»** батырмасын басып, ашылмалы мәзірден **«Жұмыс іздеуші ретінде»** нұсқасын таңдаңыз.

Сіз автоматты түрде авторизация терезесіне өтесіз.

2. «Тіркеліңіз» сілтемесін басыңыз.

3. Тіркеу нысанын толтырыңыз.



4. Тіркелу үшін қолданыстағы электрондық пошта мекенжайын көрсетіңіз.

5. «Аккаунт құру» батырмасын басыңыз.

6. Сіз көрсеткен электрондық поштаға тіркеу рәсімін аяқтау үшін сізге сілтемесі бар хат келеді. Сілтемеден өту арқылы аккаунтыңыз сәтті іске қосылады.

7. Тіркеу кезінде сіз көрсеткен **логин мен құпия сөзді есте сақтаңыз**. Олар Tanda.enbek.kz порталына және сіздің жеке кабинетіңізге кіру үшін қажет.

«Құпия сөзді ұмыттыңыз ба?» сілтемесін пайдаланып, жеке кабинеттен құпия сөзді өзгертуге болады.






Бос жұмыс орындарының онлайн-жәрмеңкесіне қалай қатысуға болады

1. Өткізіліп жатқан («Қазір» мәртебесімен) немесе алдағы («Жақында» мәртебесімен) бос жұмыс орындарының жәрмеңкелері туралы **хабарландырулар** Tanda.enbek.kz порталының басты парақшасындағы **«Бос жұмыс орындарының онлайн-жәрмеңкелеріне шақырамыз!»** блогында немесе «Барлық жәрмеңкелер туралы хабарландырулар» парақшасында орналастырылады.

2. Қатысқыңыз келетін бос жұмыс орындарының жәрмеңкесі туралы хабарландыруды таңдаңыз және **«Қатысу»** батырмасын басыңыз (Сурет 1).

Сурет 1. Жәрмеңке парақшасына өту



3. Сіз **жәрмеңке парақшасына** өтесіз, онда сіз **виртуалды стендтерде** жұмыс берушілер мен бос жұмыс орындары туралы ақпаратпен таныса аласыз.

Жәрмеңкеге қатысу үшін «Жұмыс іздеуші ретінде қатысу» батырмасын басыңыз.

4. Бос жұмыс орындарының жәрмеңкесі Tanda.enbek.kz порталында **жәрмеңке туралы хабарландыруда көрсетілген күні өтеді**.

5. Жәрмеңке басталғанға дейін, **1 (бір) күнтізбелік күн бұрын** бос жұмыс орындарының толық сипаттамасын көруге және **түйіндемені жіберуге** мүмкіндік беріледі. Сізге, көрсетілген электрондық поштаға **жәрмеңке сілтемесімен** хат келеді.

6. Tanda.enbek.kz порталында жәрмеңке өткізілетін күні, **бос жұмыс орындар жәрмеңкесі туралы хабарландыруда «Қазір» мәртебесі көрсетіледі**.

Бос жұмыс орындарының онлайн-жәрмеңкесіне белсенді қатысыңыз. Түйіндемеңізді жұмыс орындарына бағыттаңыз («Түйіндемені жұмыс берушінің бос жұмыс орнына қалай жіберуге болады» бөлімін қараңыз).

Жәрмеңкеде сіз жұмыс берушілерге нақты уақыт режимінде бос жұмыс орындар туралы сұрақтар қоя аласыз («Мәтіндік онлайн-чат арқылы жұмыс берушімен қалай байланысуға болады» бөлімін қараңыз).

Жәрмеңке шеңберінде барлық іс-шаралар тегін.




Бос жұмыс орындарының жәрмеңкесі үшін түйіндемені қалай жасауға болады

Tanda.enbek.kz порталындағы жеке кабинетте **«Менің түйіндемелерім»** қойындысында **«Түйіндеме қосу»** батырмасын басыңыз (Сурет 2):

- «Кәсіп» жолағында өз кәсібіңізді көрсетіңіз. Бұл сіздің түйіндемеңіздің «тақырыбы», берілген ақпараттың мәні.

- «Файлды таңдау» батырмасын басыңыз, PDF немесе WORD форматында дайындалған түйіндемені бекітіңіз. «Сақтау» батырмасын басыңыз.
- Егер сізде түйіндеме болмаса, үлгіні жеке кабинеттен жүктей аласыз. Ол үшін «Түйіндеме үлгісі» батырмасын басыңыз, файл WORD форматында жүктеледі. Түйіндемені толтырыңыз және осы файлды «Менің түйіндемелерім» қойындысына бекітіңіз.

Сурет 2. Tanda.enbek.kz порталындағы жеке кабинетте түйіндемені қосу



Сіз өтінім жібергіңіз келетін **әрбір лауазымға немесе бос жұмыс орнына** құрастырылған бірнеше түйіндемені бекіте аласыз.




Түйіндемені жұмыс берушінің бос жұмыс орнына қалай жіберуге болады

Жәрмеңкеде ұсынылған жұмыс берушілер мен бос жұмыс орындарын мұқият зерттеп шығыңыз. Түйіндеме жұмыс берушінің сұранысына сәйкес келетініне сенімді болсаңыз, сол кезде ғана бос жұмыс орындарына өтінім жіберіңіз.

Түйіндемені жұмыс берушіге нақты бос жұмыс орнына жіберу үшін:

- Жәрмеңке парақшасындағы жұмыс берушілер тізіміндегі қажетті кәсіпорынды таңдап басу керек.
- Жұмыс берушінің виртуалды стенді ашылады, онда бос жұмыс орындары орналастырылған. Бос жұмыс орындарының жәрмеңкесі **басталардан 1 (бір) күнтізбелік күн бұрын** бос жұмыс орындарын қарау және түйіндемені жіберу үшін ашылады.
- «Түйіндемені жіберу»** батырманы басыңыз, жұмыс берушіге жібергіңіз келетін түйіндемеге құсбелгі қойыңыз (Сурет 3).

Сурет 3. Түйіндемені жіберу



- «Жіберу» батырмасын басыңыз.
- Сіз түйіндемеңізді жіберген бос жұмыс орындарының тізімі Tanda.enbek.kz порталындағы жеке кабинетте **«Менің өтінімдерім»** қойындысында көрсетіледі.

Жұмыс беруші сіздің түйіндемеңізді қарап, қабылданған шешімі туралы хабарлайды. Сіздің түйіндемеңіз жұмыс берушімен қаралған уақыты тек жұмыс берушінің өзіне байланысты болады.

Жұмыс берушінің сізді қызықтыратын жұмыс орны бойынша сізбен байланысу мүмкіндігі үшін контактілерді (телефон, электрондық пошта мекенжайы) дұрыс көрсету қажет.

Жұмысқа орналастыру бойынша қорытынды шешімді жұмыс беруші өз бетінше қабылдайды.




Мәтінгік онлайн-чат арқылы жұмыс берушімен қалай байланысуға болады

Tanda.enbek.kz порталындағы бос жұмыс орындар онлайн-жәрмеңкесінде сізде онлайн-чат арқылы сұрақ қоюға және нақты уақыт режимінде **тікелей жұмыс берушіден** бос жұмыс орындар туралы қосымша мағлұмат алуға мүмкіндік болады.

1. Сізге жұмыс берушінің бос жұмыс орындарын мұқият зерттеуіңіз және түйіндемені тиісті бос жұмыс орнына жіберуіңіз керек.
2. Жұмыс берушіге **жазу** және онлайн-чатта бос жұмыс орнына қатысты **сұрақ қою** үшін түйіндемені жіберген кезде **«Жұмыс берушімен чат құру»** жолағына (Сурет 4) **құсбелгі қойыңыз** («Түйіндемені жұмыс берушінің бос жұмыс орнына қалай жіберуге болады» бөлімін қараңыз).

Сурет 4. Жұмыс берушімен чат құру



Направить резюме

Выберите резюме

Специалист, аналитик

Тестировщик

Создать чат с работодателем

Участвовать в видеоинтервью

3. Жұмыс берушінің виртуалды стендінің төменгі оң жақ бұрышында «Чат» терезесі ашылады, онда сіз жұмыс берушіге хабарлама жаза аласыз.

4. **Жәрмеңке өтетін күні** жұмыс беруші сіздің хабарламаларыңызға жауап береді.

5. Жұмыс берушінің хабарламаларын тексеру үшін Tanda.enbek.kz порталындағы жеке кабинетте «**Менің чаттарым**» қойындысына өтіңіз.

Сіз хабарлама жіберген кәсіпорын атауының үстіндегі онлайн-чаттар тізімінде оқылмаған (жаңа кіріс) хабарламалардың саны көрсетіледі.

6. Қажетті жұмыс берушіні таңдаңыз және оған өтіңіз. Терезенің оң жақ блогында осы жұмыс берушімен чат ашылады, онда сіз хабарламаларды қарап, жұмыс берушіге жаза аласыз.



Бос жұмыс орындарының онлайн-жәрмеңкесінде жұмыс берушілермен бейне сұхбатты қалай өткізуге болады

Tanda.enbek.kz порталындағы бос жұмыс орындарының онлайн-жәрмеңкесінде сізде жұмыс берушімен бейне сұхбаттан (онлайн-сұхбат) өту мүмкіндігіңіз бар.

Бір бейне сұхбаттың ұзақтығы **20 минутқа дейінгі** уақытты құрайды.

Барлық бейне сұхбаттар бос жұмыс орындарының онлайн-жәрмеңкесі **аяқталғаннан кейінгі күні өткізіледі.**

Бейне сұхбатқа қосылу үшін құрылғыға **қосымша бағдарламаларды жүктеп, орнатудың қажеті жоқ. Бейне сұхбат браузерде іске қосылады.**

1. Сізге жұмыс берушінің бос жұмыс орындарын мұқият зерттеуіңіз және түйіндемені тиісті бос жұмыс орнына жіберуіңіз керек.

2. Жұмыс берушімен **бейне сұхбаттан өту** үшін түйіндемені жіберген кезде «**Бейне сұхбатқа қатысу**» жолағына (Сурет 5) **құсбелгі қойыңыз** («Түйіндемені жұмыс берушінің бос жұмыс орнына қалай жіберуге болады» бөлімін қараңыз).

Сурет 5. Бейне сұхбаттан өткім келеді

3. Егер жұмыс беруші сізді бейне сұхбатқа шақырса, онда:

- сіздің электрондық поштаңызға бейне сұхбатқа шақыру және сұхбат уақытын брондау сілтемесі бар хабарлама келеді;
- Tanda.enbek.kz порталында сіздің жеке кабинетіңізде **«Менің өтінімдерім»** және **«Менің бейне сұхбаттарым»** қойындыларында, сіздің өтініміңізде сұхбат күнін көрсететін **«Бейне сұхбат уақытын таңдаңыз»** терезесі пайда болады (Сурет 6).

Сурет 6. Бейне сұхбатты растау

4. Жұмыс берушімен көрсетілген уақыт аралығынан уақытты таңдап, «Сақтау» батырмасын басу арқылы қатысуыңызды **растауыңыз керек** (Сурет 6).

Сонымен қатар сіз бейне сұхбаттан бас тарта аласыз.

5. **«Менің бейне сұхбаттарым»** қойындысында уақытты таңдағаннан кейін, сіздің өтініміңізде **«Бейне сұхбатқа өту»** батырмасы пайда болып сұхбат күні мен уақыты көрсетіледі (Сурет 7).

Сурет 7. Бейне сұхбатты брондау

Менеджер

ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ "СТАМГАЗСТРОЙ"

12.07.2023 18:31:57

Модератор

По данному отклику у Вас забронированно видеосудьвью на 19.07.2023 - 11:00

[Перейти к видеосудьвью](#)

[Перейти к чату](#)

[Отказаться от видеосудьвью](#)

6. «Бейне сұхбатқа өту» батырмасы бейне сұхбат басталғанға дейін **10 (он) минут** бұрын іске қосылады. Көрсетілген уақытта жұмыс берушімен бейне сұхбатты **бастау** үшін батырманы басыңыз.

Жоспарланған бейне сұхбаттарды жіберіп алмаңыз!

7. Бейне сұхбат басталған кезде, қажет болған жағдайда, **бейне мен аудиоға рұқсат беру** үшін браузердің параметрлерін өзгерту керек.

8. Бейне сұхбаттан өту кезінде экранның жоғарғы жағында қалған уақыт таблода көрсетіледі.

Сізгі Tanda.enbek.kz порталындағы бос жұмыс орындар жәрмеңкесінде күтеміз!